



30



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT
OF A NEW REALITY”**

НҰР-СҰЛТАН 2021

УДК 657.6
ББК 65.053
С23

С23 Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

ISBN 978-601-337-598-4

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

ISBN 978-601-337-598-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ТИІМДІЛІК АУДИТІНІҢ ЕСЕП КОМИТЕТІМЕН ЖҮРГІЗІЛУ НЕГІЗДЕРІ

Алибекова Б.А.

экономика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
E-mail: alibekova_ba@enu.kz

Мақұлбаева Л.Т.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
E-mail: Makulbaeva100@mail.ru

Аннотация. Мақала сыртқы мемлекеттік аудит органдары құзыреттіліктерінің ажырамас бөлігі болып табылатын мемлекеттік аудит объектілері қызметіне жүргізілетін тиімділік аудитіне арналған. Авторлармен осы саланы реттеуші негізгі құқықтық актілер қарастырылып, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің соңғы үш жылдық нақты деректеріне сүйене отырып мемлекеттік аудит объектілері бойынша өткізілген іс-шаралардың құрамы мен құрылымы, жүзеге асыру әдіс-тәсілдері зерделенген. Жүргізілген зерттеулер негізінде авторлармен мемлекеттік аудит объектілері қызметіне тиімділік аудитін жүргізуде орын алған проблемалық тұсы анықталып, оларды шешу жолыкелтірілген.

Аннотация. Статья посвящена аудиту эффективности деятельности объектов государственного аудита, являющемуся неотъемлемой частью компетенции органов внешнего государственного аудита. Авторами рассмотрены основные правовые акты, регулирующие данную сферу, опираясь на фактические данные Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета за последние три года проанализированы состав и структура проведенных аудиторских мероприятий, способы и подходы к реализации аудита эффективности деятельности объектов государственного аудита. На основе проведенного исследования авторами выявлены проблемные моменты в проведении аудита эффективности деятельности объектов государственного аудита и даны пути их решения.

Annotation. The article is devoted to the audit of the performance of state audit objects, which is an integral part of the competence of external state audit bodies. The authors consider the main legal acts regulating this area, based on the actual data of the Accounting Committee for Control over the Execution of the Republican Budget for the last three years, analyze the composition and structure of audit activities, methods and approaches to the implementation of the audit of the effectiveness of the state audit objects. On the basis of the conducted research, the authors identified the problematic aspects in conducting an audit of the effectiveness of the activities of state audit objects and gave ways to solve them.

Тірек сөздер: мемлекеттік аудит, тиімділік аудиті, мемлекеттік аудит объектісі, мемлекеттік аудит объектісі қызметі, тәсіл, бағыт.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділік аудитін жүргізу Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың тексеру комиссияларының функцияларына кіреді [1].

Қазіргі таңда сыртқы мемлекеттік аудит органдарымен мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділік аудиті келесі құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады (кесте 1).

1-кесте

Мемлекеттік аудит объектілерінің қызметіне тиімділік аудитін жүргізуді реттеуші негізгі құқықтық актілер

№	Құқықтық актілер атауы	Қолданылу аясы
1	2	3
1	Қазақстан Республикасының “Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы” заңы	Мемлекеттік аудит органдарының өкілеттіліктері мен қызметін ұйымдастыруды, олардың мемлекеттік аудит объектілерімен қатынасын айқындайды [1].
2	Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттары	100. Тиімділік аудитін жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділік аудитінің бірыңғай нормаларға сай жүргізілуін қамтамасыз етеді [2].
3	Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидалары	Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділік аудитін жүргізу рәсімдерін, мемлекеттік аудит объектілерінің бақылаушы органдармен іс-әрекеттерін реттейді [3].
Ескертпе: мәліметтер негізінде авторлармен құрастырылған		

Жалпы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбелеріне сәйкес, 2018-2020 жылдар аралығында Есеп комитетімен барлығы 94 аудиторлық іс-шара жүзеге асырылған (2 кесте).

2-кесте

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2018-2020 жылдардағы мемлекеттік аудит объектілері бойынша іс-шаралар саны мен үлесі

№	Аудиторлық іс-шара	2018 ж		2019 ж		2020 ж	
		саны	үлесі,%	саны	үлесі,%	саны	үлесі,%
1	Тиімділік аудиті	10	28,57	11	34,37	9	32,14
2	Тиімділік аудиті, сәйкестік аудиті	15	42,85	8	25,0	12	42,85
3	Тиімділік аудиті,		0		3,12		

	сараптамалық-талдау іс-шаралар	0		1		1	3,57
4	Сәйкестік аудиті, тиімділік аудиті, сараптамалық-талдау іс-шаралары	2	5,71	2	6,25	1	3,57
5	Сәйкестік аудиті, сараптамалық-талдау іс-шаралары	2	5,71	1	3,12	0	0
6	Сәйкестік аудиті	5	14,28	5	15,62	3	10,71
7	Сәйкестік аудиті, бақылау	0	0	3	9,37	2	7,14
8	Сараптамалық-талдау іс-шаралары	1	2,85	0	0	0	0
9	Постаудит	0	0	1	3,12	0	0
	Барлығы	35	100	32	100	28	100
Ескертпе: мәлімет негізінде авторлармен құрастырылған [4]							

Кестеден аудиторлық іс-шаралар саны бойынша 2018 жылы Есеп комитетімен атқарылған жұмыс ауқымдырақ болғандығын және жылдан жылға аудиторлық іс-шаралар санының азаю тенденциясын байқауға болады. Орын алып отырған тенденцияның басты себептері, біздің пайымдауымызша, мемлекеттік аудит барысында тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді пайдаланылуы, объектілердің өз қызметін әрдайым тәуекел тұрғысынан бағалап отыруы, ішкі бақылау жүйесінің болуы.

Есеп комитетімен мемлекеттік аудит объектілерінде тиімділік аудитінің жүргізілуі 3 жыл көлемінде тұрақты түрде орын алған. Жоғарғы аудит органының тәжірибесінде тиімділік аудиті дербес, сондай-ақ сәйкестік аудитімен немесе сараптамалық-талдау іс-шараларымен кешенді түрде жүзеге асырылады. Есепті жылы, жалпы іс-шаралар құрамында ең көп үлес кешенді өткізілген тиімділік және сәйкестік аудитіне тиесілі –42,85 %. Мұның себебі мемлекеттік аудит объектісінің бюджет қаражатының түсуін қамтамасыз ету және бюджет қаражатын, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін пайдалану тиімділігін тексере отырып, мемлекеттік аудит объектісі қызметінің саласын реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауына бірегей тексеру жүргізу қажеттілігі десек болады. Екінші орында, мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін бағалауға және мемлекет активтерінің пайдаланылуын анықтауға бағытталған, дербес жүзеге асырылған тиімділік аудиті. Оның үлесі есепті жылы 32,14%.

Соңғы екі жылда Есеп комитетінің тәжірибесіне, Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының сараптамалық-талдау іс-шарасын жүргізуі бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың 903 рәсімдік стандартына сәйкес, тиімділік аудиті құрамында жүргізілетін сараптамалық-талдау іс-шаралары енгізіліп отыр. Қазіргі таңда оның үлесіне 3,57% тиесілі.

Мемлекеттік аудит органдарымен жоспарланған аудитті қамтамасыз ету үшін тиімді аудит тәсілінің тандалуы өте маңызды. Тиімділік аудитін жүргізуде төмендегі тәсілдердің бірі пайдаланылуы мүмкін [5]. Олар:

- жүйеге бағытталған тәсіл - басқару жүйелерінің тиісті жұмыс атқаруын зерттеу;
- нәтижеге бағытталған тәсіл - күтілген аралық және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілгендігін немесе бағдарламалар мен қызметтердің күтілгендей қызмет атқаруын бағалау;
- мәселеге бағытталған тәсіл - орын алған нақты проблемалардың немесе критерийлерден ауытқу себептерін тексеру, анықтау, талдау.

Қазіргі таңда Есеп комитетінің тәжірибесінде үшеуі де қолданылады.

Тиімділік аудитін жүргізу кезінде Есеп комитетімен мемлекеттік объектілер деңгейлес және сатылай тәсілдер бойынша тексеріледі [2].

Деңгейлес тәсіл мемлекеттік аудиттің бірнеше объектілерінің мемлекеттік басқарудың бір деңгейіне жататын жағдайы орын алғандағы аудиторлық іс-шаралар жүргізуді білдіреді. Яғни, аудиторлық іс-шара барысында мемлекеттік аудиттің бірнеше объектілері белгілі тәуекел деңгейіне жатқызылып, олардың қызметінің белгілі бір бағыты зерделінеді.

Сатылай тәсіл барысында мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейіне жататын мемлекеттік аудит объектілерінде аудиторлық іс-шаралар жүргізіледі. Яғни, бұл тәсіл мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейіне жататын мемлекеттік аудит объектілерінің қызмет бағыттарын зерделеуді білдіреді.

2018-2020 жылдар аралығында Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мемлекеттік аудит объектілеріне дербес жүргізілген тиімділік аудитінің тәсілдеріне талдау жасалынды (3 кесте).

3-кесте

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2018-2020 жж дербес тиімділік аудитін жүзеге асыру тәсілдері


№	Тиімділік аудит тәсілдері	2018 ж		2019 ж		2020 ж	
		саны	үлесі,%	саны	үлесі,%	саны	үлесі,%
1	Деңгейлес	2	22,2	2	18,2	1	16,7
2	Сатылай	7	77,8	9	81,8	5	83,3
	Барлығы	9	100	11	100	6	100

Ескертпе: мәлімет негізінде авторлармен құрастырылған [4]

Бірден, 3 кестедегі дербес өткізілген тиімділік аудитінің жалпы санына қатысты деректердің 2 кесте мәліметтерінен ауытқуы деңгейлес тәсіл де, сатылай тәсіл де мемлекеттік аудит объектісінің қызметіне жүргізілетін тиімділік аудитінен басқа мемлекеттік аудит бағыттары бойынша қолданылатындығына байланысты екеніне назар аударамыз.

2018-2020 жылдардағы Есеп комитетімен жүргізілген тиімділік аудиті тәсілдерін талдай келе, мемлекеттік аудитті өткізу барысында көбінесе

тиімділік аудитінің сатылай тәсілі қолданылатына көз жеткіземіз. Оны төмендегі диаграмма көрнекі түрде көрсетеді (1 сурет).



1-сурет. 2018-2020 жылдар аралығындағы Есеп комитетімен тиімділік аудитін жүзеге асыру тәсілдері

Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесі тиімділік аудитінің бағыттарын анықтау үшін де негіз болып табылады. 100. тиімділік аудитінің рәсімдік стандартына сәйкес тиімділік аудиті түрлерін сыныптау мемлекеттік аудиттің бағытын таңдаумен іске асырылады. Бұл тұста, тиімділік аудиті 10 бағыт бойынша жүргізілетіндігін атап өтсек болады. Төмендегі 4-кестеде 2018-2020 жылдар аралығында Есеп комитетімен жүргізілген аудиторлық іс-шаралардан тиімділік аудитінің қандай бағыттар құрамы мен құрылымына талдау жүргізілді.

4-кесте

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2018-2020 жж дербес тиімділік аудитін жүзеге асыру бағыттары бойынша құрамы мен құрылымы

№	Тиімділік аудитінің бағыттары	2018 ж		2019 ж		2020 ж	
		саны	үлесі,%	саны	үлесі,%	саны	үлесі,%
1.	Салықтық және кедендік әкімшілендіру	0	0	1	9,1	1	11,1
2.	Бюджеттерді жоспарлау және атқару	6	60	3	27,3	1	11,1
3.	Мемлекет активтерін басқару	0	0	5	45,4	5	55,6
4.	Мемлекеттік басқару жүйесі құжаттарының іске асырылуы	2	20	2	18,2	2	22,2

5.	Мемлекеттік секторда баға белгілеу мен сатып алу	0	0	0	0	0	0
6.	Мемлекеттік борышты басқару	0	0	0	0	0	0
7.	Гранттардың, инвестициялардың, қарыздардың және басқа да байланысты активтердің пайдаланылуы	0	0	0	0	0	0
8.	Қоршаған ортаны қорғау саласы	0	0	0	0	0	0
9.	Ақпараттық технологиялар саласы	0	0	0	0	0	0
10	Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі	2	20	0	0	0	0
	Барлығы	10	100	11	100	9	100
Ескертпе: мәлімет негізінде авторлармен құрастырылған [4]							

Кестеде келтірілген мәліметтерден Есеп комитетімен базалық жылы дербес жүргізілетін тиімділік аудитінің 3 бағыты қамтылып, оның ішінде басым үлеске “Бюджеттерді жоспарлау және атқару” бағыты ие болған. Одан кейінгі жылдары 4 бағыт қамтылып, мемлекет активтерін басқару мен Мемлекеттік басқару жүйесі құжаттарының іске асырылуы мәселелеріне назар аударылған. 2020 жылы аталған бағыттар үлесіне тиісінше 55,6% және 22,2% тиесілі. Ескеретін жағдай, мемлекеттік аудит объектісінің қызметіне тиімділік аудиті нақты бағыт бойынша жүргізілуі мүмкін. Мысалы, 2019 жылдың төртінші тоқсаны және 2020 жылдың екінші тоқсаны аралығында "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімділігіне; 2020 жылдың төртінші тоқсаны және 2021 жылдың бірінші тоқсаны аралығында “ТауКен Самұрық” ұлттық тау-кен компаниясы” АҚ активтерінің басқарылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізілді. Ал, кесте мәліметтерінен кейбір бағыттар назардан тыс қалғанын көруге болады.

Жүргізілген зерттеулеріміз келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит объектілерінде тиімділік аудитін жүргізудің негізгі құқықтық құжаттары құрылып, қабалданған. Есеп комитетінің тәжірибесінде мемлекеттік аудиттің стандарттарымен қарастырылған әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылады. Мемлекеттік аудит объектісі қызметіне тиімділік аудиті нақты бағыт бойыншада жүргізіледі. Осы тұрғыда, жекелеген бағыттар есеп комитеті тарапынан тиісті назарсыз қалып отыр. Бұл олқылықты жою үшін жоғары аудит органымен нақты өзекті бағыттар бойынша (ақпараттық технологиялар саласы, мемлекеттік секторда баға белгілеу мен сатып алу т.с.с.) тиісті әдістемелік нұсқаулықтар құрылып, мемлекеттік аудит органдарының тәжірибесіне енгізу ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

2. Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ қаулысы [Электрондық ресурс] URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016555>

3. Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 6-НҚ нормативтік қаулысы [Электрондық ресурс] URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021070>

4. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ресми интернет-ресурсы [Электрондық ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep?lang=kk>

5. INTOSAI кәсіби стандарттар жүйесі [Электрондық ресурс] URL: <https://www.issai.org/>

РОЛЬ И МЕСТО ВЫСШИХ ОРГАНОВ АУДИТА В РЕАЛИЗАЦИИ ЦЕЛЕЙ И ЗАДАЧ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

Алибекова Б.А.,

кандидат экономических наук, и.о.профессора

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан,

Республика Казахстан

E-mail: alibekova_ba@enu.kz

Аннотация. Республика Казахстан ведет активную работу по приближению стратегических целей страны к целям устойчивого развития ООН, поэтому Счетному комитету по контролю за исполнением республиканского бюджета - как высшему органу аудита - крайне важно обеспечить проверку внедрения, отслеживания и обзора Повестки дня до 2030 на национальном уровне. Важное значение, в целях определения роли и места ВОА в реализации целей и задач устойчивого развития, имеет изучение международного опыта. Изучение опыта ВОА показывает, что их участие в выполнении Повестки дня 2030 связано с определенными проблемами как недостаточность полномочий, квалификаций и ресурсов; превышение традиционных рамок аудита финансовой отчетности, аудита соответствия; необходимость применения комплексного подхода к выполнению и контролю выполнения ЦУР; зависимость объема аудита устойчивого развития от мандата ВОА.